

ҚР Білім және ғылым министрлігі  
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мелекеттік университеті  
Дипломдық жұмыс

Тақырыбы:

«Делинквентті жасөспірімдердің құндылық  
бағдарын қалыптастыру»

Орындаған:06403 топ студенті Борамбаева Г.Т

Ғылыми жетекші:Педагогика және психология магистрі Калаханова С.Б

- **Зерттеу мақсаты:** делинквентті жасөспірімдердің болашақ өмір бейнесінің қалыптасуына әсер ететін тұлғалық құндылықтық бағдарларының ерекшеліктерін зерттеу және қалыптастыру.
- **Зерттеу объектісі:** жасөспірімдердің тұлғалық бағдарларының қалыптасу үрдісі.
- **Зерттеу пәні:** делинквентті жасөспірімдердің құндылық бағдарын қалыптастыру.
- **Зерттеудің болжамы:** егер делинквентті жасөспірімдердің тұлғалық құндылықтық бағдарларының ерекшеліктерін зерттеп, оларға тузету-дамыту жұмыстары жүргізілсе, онда оларға жағымды болашақ өмір бейнесін құруға бағыттуға болады, өйткені жағымды құндылық бағдарлар табысты әлеуметтенудің бір шарты болып табылды.

- **Зерттеу міндеттері:**

- 1. Делинквентті жасөспірімдерді зерттеуге арналған әдеби кездерге талдау жасап, тұлғалық ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан негіздеу;
- 2. Делинквентті жасөспірімдердің құндылықтық бағдарларының ерекшелігін зерттеуге арналған әдістемелер кешенін талдау және жасақтау;
- 3. Делинквентті жасөспірімдердің құндылықтық бағдарларының ерекшелігін тәжірибеде анықтау және зерттеу;
- 4. Делинквентті жасөспірімдердің құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға бағытталған арнайы психолого-педагогикалық дамыту-түзету жұмысының жүйесін өңдеу, тәжірибеге енгізу.

- **Зерттеу әдістері:**

- зерттеу мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиет көздерін теориялық талдау;
- теориялық талдау нәтижелерін бағалауға жүйелі тұрғы, абстрактіден нақтылыққа өту әдісі, теориялық және эмпирикалық мәліметтерді жинақтау, мазмұндық жалпылау әдісі, шешімдерді логикалық-эвристикалық өңдеу, болжам, ойша тәжірибе жасау;
- делинквентті жасөспірімдердің құндылық бағдарларын психодиагностикалық әдістерді қолдану арқылы тікелей зерттеу, тәжірибенің анықтаушы және қалыптастырушы элементтерімен арнайы психолого-педагогикалық дамыту-түзету жұмыс, математикалық статистиканың әдістерін қолданып нәтижелерді сапалық және сандық талдау.
- Ғылыми-тәжірибелік жұмыста келесі әдістемелер қолданылды: М. Рокичтің құндылық бағдарлар әдістемесі; «Аяқталмаған сөйлемдер» сауалнамасы және еркін сауалнама.
- **Зерттеу базасы:** БҚО Орал қаласындағы «Жас ұрпақ» жасөспірімдерді әлеуметтік дамыту орталығы.

- 1. Делинквентті жасөспірімдердің құндылық бағдарын қалыптастыру мәселесінің теориялық негіздері.
- 1.1 Жасөспірімдердің делинквентті мінез-құлық психологиясын зерттеудегі теориялық тұрғылар.
- Делинквент - лат. «delinquent» құқық бұзушы ауытқыма мінез - құлқы өзінің ұшқыр көріністерінде жазаланатын әрекет болып шығатын субъект. Делинквентті мінез-құлық жеке адамға да, жалпы қоғамға да зиян келтіретін әрекеттерінде жасалған адамның анти-әлеуметтік заңсыз әрекеті. «Делинквентті мінез-құлық» ұғымы криминология, әлеуметтану, педагогика, психология, әлеуметтік педагогика және басқа да білім салаларының өкілдері. Әдетке айналған дұрыс емес қылықтарға: ұрлық, өрт қою, үйден кету, мектептен қашулар, төбелестер, жануарлар мен адамдарға мейрімсіз қатынас жасау және әдетке айналған өтірік айту сияқты қасиеттер жатады.

- **Құндылық** - мәдениеттің құрамдас бөлігі. Мәдениеттің құрамдас бөлігі болуы себепті құндылық адамдардың өзін ұстауын реттейді, олардың шынайы тәртібін айқындайды. Мәдениет құндылықтары, тиісінше, материалдық және рухани болып бөлінеді. Құндылықтардың мазмұны қоғамның мәдени жетістіктерімен шарттастырылған. Құндылықтар әлемі, сөздің кең мағынасында, мәдениет әлемі деген сөз. Ол адамның рухани қызмет аясы, оның санасының дұрыстығын айғақтаушы, адамның рухани байлығының елшеуіші іспетті. Құндылықтарды мүдделердің қарапайым жалғасы немесе бейнеленуі ретінде қарастыруға болмайды. Олар салыстырмалы өзінділікке ие.

Осы қылмысқа барған жасөспірімдердің делинквентті мінез-құлық ерекшелігін көптеген ғалымдар зерттеген. Солардың бірі психолог

А.Я. Холодная делинквентті мінез-құлық ерекшелігі бар жасөспірімдерді мынадай үш топқа жіктеген болатын, олар

- 1. ата-аналары тарапынан бақылау жасалынбағандықтың нәтижесінде жағымсыз микроортаның әсеріне кез болған, психикалық және физикалық дендері сау жасөспірімдер;
- 2. жүйке жүйесінде ауытқулары бар, оңай қозатын, жағымсыз әсерлерге оңай берілетін және Отбасысы мен мектептен тиісті тәрбие алмаған жасөспірімдер;
- 3. психикалық жүйке ауруларына шалдықпаған, алайда толығымен дендері сау деп есептеле алмайтын, шекаралық күйдегі жасөспірімдер.

•

# Қорыта келе, жасөспірімдердің қылмысқа бару себептері келесідей:

- жанұяда берекенің болмауы, отбасының құлдырауы;
- ата-ананың «ерекше» қамқорлығы;
- тәрбие берудегі кемшіліктер;
- өмірде кездесетін қиыншылықтар мен күйзелістерді жеңе алмау;
- өмірлік дағдының болмауы, айналысындағы адамдармен, құрбыларымен жарасымды қатынасқа түсе алмауы;
- сырттан келген қысымға төтеп бере алмау, өз бетінше шешім қабылдай алмау, сынаушылық ойды дамыта алмау;
- психоактивті заттарды жиі пайдалануы;



- агрессиялық жарнаманың ықпалды болуы;
- мектептерде психологиялық көмек көрсету қызметінің нашар дамуы;
- балалар мен жасөспірімдердің бос уақытының проблемалары
- өзін-өзі басқарудың төменділігі;
- ата-аналардың бақылауының жетіспеушілігі;
- ата-аналардың әсер етуінің тиімсіздігі;
- физикалық жазалау;
- жасөспірімнің отбасымен және құрдастарымен келіспеушілігі;
- ерте ішімдікке салыну, таксикомания, нашақорлық.
-

- 2. Делинквентті жасөспірімдердің құндылық бағдарын қалыптастырудың тәжірибелік жұмысы
- 2.1 Делинквентті жасөспірімдердің құндылық бағдарын қалыптастыру ерекшеліктерін тәжірибеде диагностикалау
- Зерттеу базасы ретінде БҚО Орал қаласындағы «Жас ұрпақ» жасөспірімдерді әлеуметтік дамыту орталығы алынды. Аталған ұйымда 2017 жылы 14 желтоқсанынан бастап қиын жасөспірімдерге әлеуметтік, педагогикалық-психологиялық, медициналық және құқықтық бағыттарда көмек көрсету мақсатында арнайы кабинет жұмысын жүргізіп келеді. Біздің зерттеу жұмысымызға осы орталықта тіркелген 40 делинквентті жасөспірім алынды. Зерттелушілер салыстырмалы түрде екі топқа бөлінді: эксперименталды топ (құрамында 20 жасөспірім) және бақылаушы топ (құрамында 20 жасөспірім). Экспериментальды топқа нашар микроортаның әсерінен құқықбұзушылыққа барған жасөспірімдер алынды. Ал бақылау тобына интеллектуалды қабілеттіліктері жақсы және тұлғасының этикалық яросы сақталған, бірақ қандай да бір кездейсоқ құқықбұзушылыққа барған жасөспірімдер.

## *Зерттеу келесі әдістемелер таңдалып алынды:*

- М.Рокичтің құндылық бағдарлар әдістемесі,
- «Аяқталмаған сөйлемдер» сауалнамасы,
- Еркін сауалнама.

# *Кесте - 1. Тұлғалық инструменталды құндылықтар жүйесі бойынша салыстырмалы жиынтық мәліметтері (R-есебімен).*

Құндылықтаржүйесі		Зерттеу тобы	Бақылау тобы
1.	Табиғат пен өнер әсемдігі	18	13
2.	Денсаулық	8	3
3.	Рухани даму	12	12
4.	Материалдық қамтамасыз етілген өмір	10	1
5.	Еліміздің тыныштығы	17	6
6.	Танып білу, интеллектуалдық даму	16	4
7.	Өзгелердің пікірімен санаса білу	7	11
8.	Еңбекқорлық	15	14
9.	Өз-өзіне деген сенімділік	2	2
10.	Өз пікірін дәлелдеудегі батылдылық	3	5
11.	Қызықты жұмыс	14	7
12.	Көзқарастың кеңдігі	13	8
13.	Жоғары талаптар	6	17
14.	Қоғамдық беделділік	5	15
15.	Әрекеттер еркіндігі	1	18
16.	Шығармашылық іс-әрекет	11	9
17.	Жауапкершілік	9	16
18.	Рахаттану сезімдеріне ұмтылу	4	10

- Зерттеу мақсатына орай терминалды құндылықтар жүйесіне қылмысқа барған жасөспірімдер үшін маңызды саналатын құндылықтардың қазіргі сәттегі қанағаттандырылу деңгейінің пайыздық үлесімен анықталынды.

## Кесте – 2. Тұлғалық терминалды құндылықтар жүйесі бойынша салыстырмалы жиынтық

	Терминалды құндылықтар	Эксперименттік тобтың мәліметтері		Бақылау тобының мәліметтері	
		R	Қанағаттану деңгейі (%)	R	Қанағаттану деңгейі (%)
1.	Өзін дамыту	12	47,7	3	65,0
2.	Шығармашылық	8	46,9	15	41,1
3.	Рухани қанағаттану	9	40,3	11	57,1
4.	Отбасы	17	47,7	3	65,0
5.	Махаббат	5	41,2	4	81,7
6.	Достар	15	48,1	5	64,6
7.	Креативтілік	13	49,2	13	63,4
8.	Белсенді өлеуметтік байланыстар	18	45,4	17	42,3
9.	Таным	7	38,1	10	66,9
10.	Өзіндік мәртебе	11	47,6	6	61,4
11.	Жетістік	16	50,7	16	55,4
12.	Бостандық	1	23,3	12	68,6
13.	Өзіне сенімділік	4	67,4	7	79,0
14.	Материалдық ауқаттылық	10	47,2	8	47,6
15.	Белсенді өмір	2	22,9	9	62,5
16.	Өзінің даралығын сақтау	6	39,0	14	48,3
17.	Көңіл көтеру	14	35,0	18	51,9
18.	<b>Әділеттілік</b>	<b>12</b>	<b>47,7</b>	<b>3</b>	<b>65,0</b>

- Эксперименттік зерттеу нәтижесінен алынған мәліметтер қылмыс жасаған жасөспірімнің құндылықтар құрылымының деформациялығын көрсетеді. Зерттеу нәтижелерін талдау арқылы нақты терминалды құндылықтар арасында бақытты отбасы, көңіл көтеру, материалдық ауқаттылық, достар соңғы орындарда. Абстрактілі терминалды құндылықтар арасында махаббат, өзіне сенімділік жоғары орындарда, ал креативтілік, өзін дамыту соңғы орындарда.
- Кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру терминалды құндылықтарында белсенді өмір, бостандық жоғары орында, ал белсенді әлеуметтік байланыстар, өзіндік мәртебе соңғы орындарда.

## Кесте - 3. Зерттелінушілердің қатынастар жүйесінің салыстырмалы көрсеткіші

№	Ұсынылған топ.	Зерттеу тобы	Бақылау тобы
1.	Әкесіне деген қатынас	11	6
2.	Өзіне деген қатынас	2	1
3.	Таратылмаған мүмкіншілігі	7	9
4.	Бағынушыға деген қатынас	5	15
5.	Болашаққа деген қатынас	15	3
6.	Жоғары тұрған адамдарға деген қатынас	6	10
7.	Қорқыныш және сақтану	4	14
8.	Достарына деген қатынас	1	2
9.	Өткен шағына деген қатынас	3	12
10.	Қарама-қарсы жыныс өкілдеріне қатынас	13	7
11.	Жыныстық қатынас	14	11
12.	Отбасысына деген қатынас	12	4
13.	Ұжымына деген қатынас	8	8
14.	Анасына деген қатынас	10	5
15.	<b>Кінәлі сезімі</b>	<b>9</b>	<b>13</b>



**Кесте - 4. Зерттелінушілер түсінігі бойынша жасөспірімдерді құқық ережелерін бұзуға әкелетін факторлар**

№	Тәжірибелік топ	Бақылау тобы
1. 2. 3. 4. 5. 6. 7. 8.	Ата-ана жылылығы жетпеуінен. Үйден қашып кеткен жағдайда Дос-жолдастардан кем қалмау. Өз тобымыздың ережесін орындау қажет. Толыққанды өмір сүру үшін. Бізді кемсітушілерден кек алу жағдайында. Өз өмірімізге көңіл толмайды. Өзімізге көңіл аударту үшін.	Кездейсоқ, яғни бос уақытты қызықты өткізу мақсатында. Топтағы лидер ықпалынан. Бірге жүрген жолдастарға еліктеу жағдайда.

## Кесте - 5. Жасөспірімдердің қылмыс түрінің ауырлығы туралы түсініктері

№	Қылмыс түрлері	Тәжірибелік топ	Бақылау тобы
1	Адам өлтіру	1	1
2	Зорлық–зомбылық жасау	4	3
3	Ұрлық	6	4
4	Терроризм	3	2
6	Тонау	5	6
7	Бұзақылық	8	7
8	Алаяқтық	7	8
9	<b>Коррупция</b>	2	5


## 2.2 Делинквентті жасөспірімдердің құндылық бағдарын қалыптастыру бойынша түзетуші-дамытушы жұмыстар

- Қалыптастырушы экспериментіміздің жасөспірімдермен жан-жақты шығармашылық жұмыстардың формалары – жеке тұлғаның санасын қалыптастыру, іс-әрекетті ұйымдастыру әдістері, ынталандыру әдістері, әңгімелесу, сауалнама, дөңгелек үстел, баяндама және т.б. әдіс-тәсілдер. Мұндағы негізгі ұстанымдар – жасөспірімдердің жас және дара ерекшеліктерін ескеру, құндылық, құндылық бағдар, адамгершілік, ынтымақтастық, ізгіліктік. Ол үшін біз келесідей қалыптастыру түзетуші-дамытушы жұмыстар бағдарламасын ұсынамыз:
  - » «Жастар және қоғам» психологиялық ағарту мақсатында дөңгелек үстел өткізу.
  - » Психологиялық ағарту мақсатында мәлімет беру (дәрістер, әңгімелесулер, арнайы әдебиеттерді, видео және телефильмдерді тарату)
  - » Әлеуметтік-психологиялық тренинг сабақтарын өткізу:
- «Мен+ол+олар=біз» тренинг сабағы («Комплимент, «Ассоциация», «Құндылықтар» жаттығулары);
- «Мен және менің ортам» (Амандасу – «таныстыру», «Автопортрет», «Мен басқаның көзімен», «Сиқырлы қобдиша», «Өрмекші торы», «Жүйрік ой», «Қайта байланыс» жаттығулары);
- «Мен қорқамын және мен қорықпаймын» тренинг сабағы («Мен қорқамын», «Мен қорықпаймын», «Сен қорықпауды қайдан үйрендің?», «Қысым», «Чемодан» жаттығулары);
- «Мен және менің болашағым» тренингі («Менің өмірім», «Мақсатқа бағытталған қадамдар», «Сенің болашағың», «Мейірімділік» жаттығулары).
- 3.Түзету-дамыту жұмысының тиімділігін талдауға арналған сауалнама өткізу және қорытындылау.
- 
- Кейін әр апта сайын тәжірибелік топтағы делинквентті жасөспірімдерге 1,5 – 2 сағатқа созылған ауқымды 4 әлеуметтік-психологиялық тренинг сабақтары жүргізілді.

# 2.3. Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау және қорытындылау

Кесте – 6 Қалыптастыру тәжірибесіне дейінгі және кейінгі тұлғалық терминалды құндылықтар жүйесі бойынша салыстырмалы жиынтық мәліметтері

	Терминалды құндылықтар	Тәжірибеге дейінгі мәліметтер		Тәжірибеден кейінгі мәліметтер	
		R	Зерттелушілер саны (%)	R	Зерттелушілер саны (%)
1.	Өзін дамыту	12	45	9	65
2.	Отбасы	17	50	5	70
3.	Достар	15	55	7	80
4.	Белсенді әлеуметтік байланыстар	18	85	14	45
5.	<b>Жетістік</b>	<b>16</b>	<b>90</b>	<b>10</b>	<b>50</b>




**Сурет – 1. Қалыптастыру тәжірибесіне дейінгі және кейінгі тұлғалық терминалды құндылықтар жүйесі бойынша салыстырмалы жиынтық мәліметтері**

**Кесте - 7. Қалыптастыру тәжірибесіне дейінгі және кейінгі тұлғалық инструменталды құндылықтар жүйесі бойынша салыстырмалы жиынтық мәліметтері.**

	Инструменталды құндылықтар	Тәжірибеге дейінгі мәліметтер		Тәжірибеден кейінгі мәліметтер	
		R	Зерттелушілер саны (%)	R	Зерттелушілер саны (%)
1.	Рухани даму	12	60	8	65
2.	Еліміздің тыныштығы	17	75	14	55
3.	Танып білу, интеллектуалдық даму	16	55	9	75
4.	Еңбекқорлық	15	80	7	65
5.	<b>Қызықты жұмыс</b>	<b>14</b>	<b>85</b>	<b>6</b>	<b>60</b>

# Сурет - 2. Қалыптастыру тәжірибесіне дейінгі және кейінгі тұлғалық инструменталды құндылықтар жүйесі бойынша салыстырмалы жиынтық мәліметтері.



- **Қорытынды**
- Зерттеудің тәжірибелік бөлімінде деликвентті жасөспірімдердің тұлғалық құндылықтық бағдарларын әлеуметтік-психологиялық тренингтер арқылы түзетуге болатынына іс жүзінде байқадық. Егер делинквентті жасөспірімдердің тұлғалық құндылықтық бағдарының ерекшеліктерін зерттеп, оларға түзету-дамыту жұмыстары жүргізілсе, онда оларды жағымды болашақ өмір бейнесін құруға ықпал етіп, табысты әлеуметтендіруге болады деген болжамымыз дәлелденді.
- Сонымен, эксперименттік зерттеу барысында алынған мәліметтердің сандық және сапалық өңдеу жүргізген түзету-дамыту жұмысы нәтижесінде терминалды құндылықтардан деликвентті жасөспірімдердің өзін дамыту, отбасы, достар, белсенді әлеуметтік қатынастар, жетістік құндылықтарының алдыңғы қатарға шығуына ықпал етіп, инструменталды құндылықтардан рухани даму, еліміздің тыныштығы, интеллектуалды даму, еңбекқорлық, қызықты жұмыс құндылықтарының рангілік көрсеткіштерін жағымды өзгерттік.
- Қорыта келе, деликвентті жасөспірімдердің құндылықтар жүйесі негіз ретінде тұлғалық мағыналық сферасына, жағымды ықпал ете отырып, олардың болашақ өмірінің бейнесін құруға, алыс және жақын перспективаларды түзуге, сол арқылы әлеуметтік ортаға жағымды бейімдеуге әсер етуге болатыны дәлелденді. Жасөспірімдердің құндылық бағдары әр саладағы мамандар үшін өзекті зерттеу пәні болып табылады және әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді.



Аталған бағытта мектеп психологтарына өңделген түзету-дамыту жұмысына қосымша, психологиялық алдын алу жұмыстарың бірнеше формаларын ұсынамыз:

- Әлеуметтік ортаны (отбасы, әлеуметтік топ, нақты тұлға) ұйымдастыруға :салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жасалатын әлеуметтік жарнама БАҚ, жастардың субмәдениетімен жұмыс;
- Салауатты өмір салтын ұйымдастыру (дұрыс тамақтану,таза ас, жүйелі физикалық жұмыс көлемі , еңбек және демалыс режимін сақтау, табиғатпен қарым – қатынас, нысапсыздықтан аулақ болуы) және т.б.;
- Жеке тұлғалық ресурстарды белсендіру (спортпен шұғылдану, шығармашылықпен айналысу, топтық тренингтерге қатысу, арттерапия) және т.б.;
- Деликвентті мінез – құлықтың жағымсыз салдарын азайту (мәлімет беру, топтық пікірталас, тренингтік жаттығулар, рөлдік ойындар, әлеуметтік тиімді мінез – құлықты үлгілеу, психотерапевтік әдістемелер) және т.б.;
- Ата-аналарға көмек мектебін ұйымдастыру.
- Қорыта келгенде, зерттеудің мақсаты мен міндетін жүзеге асыру барысында жүргізілген зерттеуде алынған болжам толығымен расталып, зерттеу жұмысы өз мақсатына жетті деп айтуға болады

Назарларыңызға рахмет